

ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ РЕЖИССЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Кусанова Анипа¹, Коспагарова Асем²

^{1,2} Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Қазіргі қоғамда ойын-сауық орталықтарының мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастырудың маңызы артып келеді. Бос уақытты тиімді ұйымдастыру, мәдени құндылықтарды дәріптеу және жаңа технологияларды қолдану мәдени-демалыс бағдарламалары режиссурасының басты міндеттерінің бірі болып табылады. *Зерттеудің мақсаты* – ойын-сауық орталықтарындағы мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік аспектілерін зерделеу, олардың құрылымдық ерекшеліктерін талдау және тиімді ұйымдастыру жолдарын ұсыну. Сонымен қатар, режиссерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және заманауи тәсілдерді қолданудың тиімділігін анықтау да зерттеу міндеттері қатарында қарастырылады. Зерттеу барысында мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастыруға байланысты ғылыми әдебиеттерге шолу жасалды, сондай-ақ Алматы қаласындағы ойын-сауық орталықтарында мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастыру тәжірибесі зерделенді. Ойын-сауық орталықтарындағы мәдени іс-шараларды жоспарлау мен өткізудің құрылымдық ерекшеліктері, әдістері мен құралдары қарастырылды. Сондай-ақ, мәдени-демалыс бағдарламаларының ұйымдастырушы режиссерінің қызметі, оның шығармашылық және басқарушылық рөлі талданды. *Зерттеу нәтижелері* ойын-сауық орталықтарындағы мәдени-демалыс бағдарламаларының негізгі функциялары рекреация, бейімделу, байланыс, түзету және шығармашылық дамуды қамтитынын көрсетті. Бағдарламаларды ұйымдастырудағы негізгі қағидалар – көрерменнің жас ерекшеліктерін ескеру, инновациялық әдістерді қолдану, заманауи технологияларды пайдалану және мәдени-ағартушылық құндылықтарды дамыту. Сонымен қатар, зерттеу барысында режиссердің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылық көзқарасының мәдени-демалыс бағдарламаларының сапасына ықпал ететін негізгі фактор екені анықталды. Мәдени-демалыс бағдарламаларын тиімді ұйымдастыру режиссерлік шеберлік пен басқару қабілетін талап етеді. Ойын-сауық орталықтарындағы мәдени қызмет көрсету саласының дамуы қоғамның рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады. Зерттеу нәтижелері мәдени-демалыс бағдарламалары режиссурасының теориялық және практикалық негіздерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл зерттеу мәдени-демалыс саласында қызмет ететін мамандар үшін әдістемелік нұсқаулық ретінде қолдануға болатын тәжірибелік ұсыныстарды ұсынады.

Түйін сөздер: Мәдени-тынығу жұмысы, мәдени-демалыс бағдарламалары, ойын-сауық орталығы, режиссер, іс-шара, бос уақыт, мәдени демалыс ұйымдастыру.

Дәйексөз үшін: Кусанова Анипа, Асем Коспагарова. «Ойын-сауық орталықтарындағы режиссер қызметінің заманауи әдістері». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, № 1, бб. 277–296. DOI: 10.47940/cajas.v10i1.978

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

XXI ғасыр — бұл тек экономикалық және әлеуметтік өзгерістер дәуірі ғана емес, сонымен қатар мәдениет, білім беру және өнер салаларында қарқынды трансформациялар орын алып жатқан уақыт. Бұл кезең шығармашылық идеялардың, бастамалардың және әртүрлі әлеуметтік-мәдени қауымдастықтардың өзара әрекеттесуінің жаңа жолдарын іздеуімен сипатталады. Қазіргі заманғы қоғамның дамуында бос уақытты тиімді ұйымдастыру мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр, өйткені ол адамның жеке дамуына, рухани баюына және мәдени әлеуметтенуіне ықпал етеді. Осы тұрғыда анимациялық және режиссерлік қызмет мәдени-демалыс әрекетінің маңызды бағыттары ретінде кеңінен таралуда.

Режиссерлік қызмет мәдени және бос уақытты ұйымдастырудың ажырамас бөлігі болып табылады. Ол көрерменге эстетикалық ләззат сыйлап қана қоймай, сонымен қатар олардың ой-өрісін кеңейтіп, мәдени және көркемдік құндылықтарды насихаттауға ықпал етеді. Анимация мен режиссерлік қызметтің бірігуі арқылы көрермендердің қызығушылығын арттыратын, оларды белсенді түрде ойлануға және талдауға итермелейтін интерактивті өнімдер жасалады. Бұл тұрғыда режиссер

шығармашылық ойлауын пайдаланып, аудиторияның бос уақытын мазмұнды әрі тиімді өткізуге жағдай жасайды.

Бос уақыт құбылысын зерттегенде, оның мәні мен атқаратын қызметіне қарай екі негізгі тәсіл қолданылатыны анықталды: формациялық және өркениеттік тұрғылар.

— Формациялық тұрғы бос уақытты белгілі бір қоғамдық құрылымның ерекшеліктеріне сәйкес қарастырып, тарихи-экономикалық аспектіде сипаттайды.

— Өркениеттік тұрғы оны әлеуметтік-мәдени өлшемдер негізінде түсіндіреді.

Бұл екі ұстаным бірін-бірі толықтырып, бос уақыттың маңызын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Егер бос уақыт мәселесіне тарихи көзқараспен қарасақ, экономикалық тұрғыдан ол жұмысшының өндірістік міндеттерінен тыс, физиологиялық демалысқа арналған уақыты ретінде қарастырылады. Ал әлеуметтанушылар оны адамның жан-жақты әлеуметтік дамуына ықпал ететін фактор ретінде зерттейді. Кейбір зерттеушілер бос уақытты тек еңбек процесінен мүлде бөлек, демалыс пен ойын-сауық кезеңі деп қабылдайды.

Шетелдік ғалымдар бұл мәселеге байланысты «рекреология» ұғымын енгізді. Бұл термин бос

уақытты ұйымдастыру мен өткізудің заңдылықтарын, сондай-ақ демалыс кезінде адамның психологиялық және физиологиялық күш-қуатын қалпына келтіру жолдарын зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы ретінде сипатталады.

Ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, бос уақыт — адамның психологиялық-физиологиялық ресурстарын қалпына келтіруге және әлеуметтік-мәдени дамуына ықпал ететін әлеуметтік уақыттың маңызды бөлігі, — деп тұжырымдауға болады.

Ресейлік зерттеуші Борис Трегубов бос уақытты «қажеттілік» пен «еріктілік» ұғымдарының диалектикалық бірлігі ретінде қарастырады (Трегубов). Оның пікірінше, кез келген адамның бос уақыты дұрыс ұйымдастырылуы тиіс, себебі бұл — қажеттілік. Алайда бұл қажеттілікті іске асыру адамның өз еркі мен таңдауы негізінде жүзеге асуы керек.

Осылайша, «еріктілік» — адамның бос уақытын қалай өткізетінін таңдау мүмкіндігі ретінде қарастырылса, «қажеттілік» — физиологиялық тұрғыдан демалу, ұйықтау, өзін күту секілді табиғи сұраныстарға жауап береді. Яғни, алғашқысы адамның әлеуметтік қырын бейнелесе, екіншісі оның биологиялық табиғатын сипаттайды. Осы негізде бос уақытты әлеуметтік және биологиялық қажеттілік ретінде қарастыруға болады.

Зерттеуші Ұлмекен Төлешова бос уақытты ұйымдастыруды адамның шығармашылық және тұлғалық дамуына ықпал ететін маңызды процесс ретінде қарастырады (Төлешова). Оның пікірінше, бос уақыт тек демалыс емес, сонымен қатар мәдени құндылықтарды игеру, тұлғаның әлеуметтік байланыстарын кеңейту және өзін-өзі жетілдірудің құралы болып табылады. Ал француз ғалымы Basile Michel бос уақытты қоғамның экономикалық және мәдени даму деңгейімен тығыз байланысты құбылыс ретінде сипаттайды (Basile Michel). Оның пайымдауынша, бос уақытты тиімді ұйымдастыру

әлеуметтік құрылымдардың нығаюына, тұлғаның жан-жақты дамуына және қоғамдық құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа берілуіне ықпал етеді.

Анимация тек ойын-сауық пен мәдени-демалыс саласында ғана емес, білім беру үрдісінде де маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыда Гульмира Касеннің «Педагогикалық анимация» еңбегі ерекше мәнге ие (Касен). Ғалым педагогикалық анимацияны білім беру мен тәрбиелеудің тиімді әдістерінің бірі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, анимациялық әдістер балалар мен жастардың шығармашылық белсенділігін арттырып, олардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, педагогикалық анимация арқылы оқыту үдерісі қызықты әрі нәтижелі бола түседі, себебі ол ойын және интерактивті әдістерді қолдануды көздейді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда анимациялық және режиссерлік қызметтің кеңінен таралуы мәдени-демалыс бағдарламаларының маңыздылығын арттыра түсуде. Бұл қызмет түрлері түрлі әлеуметтік топтардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға және мәдени қарым-қатынастарды нығайтуға мүмкіндік береді. Демек, бос уақытты ұйымдастыру — адамның күнделікті өмірінің маңызды құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік-мәдени дамуының негізі.

Бос уақыт — бұл адамның кәсіби және тұрмыстық міндеттерден тыс жүзеге асыратын іс-әрекеті, оның көмегімен ол өзінің жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіріп, негізгі еңбек қызметінен тыс дағдылар мен қабілеттерін дамытады.

Нағыз бос уақыттың басты мәні — өзіне ұнайтын істерге көңіл бөлу, қажетсіз әрекеттерден арылып, пайдалы әрі мазмұнды істерге назар аудару. Балалар мен жасөспірімдер үшін бос уақыт — олардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін мағыналы және

әртүрлі іс-шараларға толы өмір салтының бір бөлігі болуы тиіс.

Ересектердің мәдени бос уақытын ұйымдастырудың ерекшеліктеріне жоғары деңгейдегі мәдени-техникалық қамтамасыз ету, заманауи технологиялар мен бос уақытты өткізудің инновациялық тәсілдерін қолдану, эстетикалық тұрғыдан байытылған кеңістік құру және шығармашылық әлеуетті дамытуға ықпал ететін жоғары көркемдік мазмұндағы іс-шараларды ұйымдастыру жатады.

Осы зерттеу аясында анимациялық және режиссерлік қызметтің мәдени-демалыс саласындағы рөлін, оның қазіргі қоғамдағы маңыздылығын және бос уақытты ұйымдастырудағы тиімді әдістерін талдауға назар аударылады.

Әдістер

Ежелгі Грецияда бос уақытты ұйымдастыру ұғымы «мектеп» сөзімен сипатталған. Уақыт өте келе бұл ұғымның мазмұны өзгеріп, қазіргі қоғамда «бос уақытты ұйымдастыру» терминімен белгілі болды (Г.Неценко, Г.Орлов, Б.Трегубов). Бүгінгі таңда бос уақытты тиімді пайдалану мәдени-демалыс қызметімен тығыз байланысты, әсіресе ойын-сауық орталықтарында ұйымдастырылатын бағдарламалар шеңберінде маңызды орын алады.

Бос уақытты тиімді жоспарлау — бұл тек демалысты ұйымдастыру ғана емес, сонымен қатар тұлғаның рухани және физикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған іс-әрекеттер кешені. Ойын-сауық орталықтарының мәдени бағдарламалары шығармашылық тәсілдер мен режиссерлік шеберлікті талап етеді. Мұндай бағдарламалардың сапасы олардың мазмұны, эстетикалық және қоғамдық мәні, сондай-ақ аудиторияға тигізетін әсерімен анықталады.

Мәдени-демалыс бағдарламаларының негізгі құрылымы:

Ойын-сауық орталықтарында

ұйымдастырылатын бағдарламалар бірнеше бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1. Қоғамдық-шығармашылық қызмет — мәдени іс-шаралар, көркемдік қойылымдар мен креативті жобаларды ұйымдастыру.

2. Танымдық-ағартушылық бағыт — әдеби шығармалармен танысу, театрландырылған көріністер, деректі және көркем фильмдерді талдау.

3. Рекреациялық іс-шаралар — спорттық ойындар, көңіл көтеру бағдарламалары, интерактивті шоулар мен демалысқа арналған түрлі форматтағы іс-шаралар.

Бұл бағыттар мәдени-демалыс бағдарламалары режиссерлерінің шығармашылық қызметін жоспарлауда маңызды бағдар болып табылады.

XX ғасырдың 70-жылдары Максим Бушканец бос уақытты тиімді ұйымдастыру мәселесіне назар аударып, оның түрлі қызметтерін айқындаған. Қазіргі уақытта ойын-сауық орталықтарында мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастыру барысында осы қағидалар кеңінен қолданылады:

— Демалыс функциясы — келушілердің эмоционалдық және физикалық жағдайын жақсарту үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету.

— Бағыттаушы қызмет — салауатты өмір салтын насихаттау, мәдени-эстетикалық құндылықтарға қызығушылықты арттыру.

— Шығармашылық даму — тұлғаның өзіндік қабілеттерін дамытуға және шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік беру.

— Танымдық және эмоционалдық даму — аудиторияға интеллектуалды, эстетикалық және рухани дамуға бағытталған іс-шараларды ұсыну.

Ойын-сауық орталықтарында ұйымдастырылатын мәдени-демалыс бағдарламаларының тиімділігін арттыру үшін ғылыми-зерттеу әдістері қолданылады. Олар аудиторияның

қажеттіліктерін зерттеуге, іс-шаралардың мазмұнын жетілдіруге және сапасын жақсартуға бағытталған:

— Байқау әдісі — келушілердің мәдени бағдарламаларға қатысу деңгейін бақылау.

— Сауалнама жүргізу — аудиторияның мәдени-демалыс іс-шараларына деген қызығушылығын анықтау.

— Контент-талдау — іс-шаралардың мазмұндық ерекшеліктерін зерттеу.

— Эксперимент әдісі — жаңа мәдени-демалыс бағдарламаларын сынақтан өткізу.

— Зертханалық әдістер — интерактивті технологияларды мәдени-демалыс бағдарламаларына енгізудің әсерін бағалау.

Ғылыми-зерттеу әдістерінің қолданылуы ойын-сауық орталықтарының бағдарламаларын жетілдіруге және олардың мазмұнын аудиторияның сұранысына сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Ойын-сауық орталықтарының мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастыру — кешенді шығармашылық және әлеуметтік маңызды процесс. Оның тиімділігі ғылыми негізделген әдістерге, режиссерлік шешімдерге және аудитория сұраныстарына бейімделген мәдени іс-шараларға байланысты. Сондықтан мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастыруда кешенді әдістерді қолдану және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ескеру маңызды.

Мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастыруда режиссердің рөлі маңызды, себебі ол бағдарламаның мазмұнын, формасын, әдістері мен құралдарын жетілдіруге және дамытуға жауапты. Бұл тұрғыда әртүрлі ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ескеру қажет.

Adrian Lubowiecki-Vikuk өзінің «Generational Cohorts Analysis in Leisure» атты еңбегінде әртүрлі ұрпақтардың бос уақытты өткізу ерекшеліктерін талдайды. Ол ұрпақтар арасындағы бос уақытты

өткізуге деген көзқарастар мен мінез-құлықтағы айырмашылықтарды зерттеп, бұл айырмашылықтарды түсіну менеджерлерге бос уақыт нарығында өнімдер мен қызметтерді әзірлеуде ұрпақтық әртүрлілікті ескеруге мүмкіндік беретінін атап өтеді (Adrian).

Jiaying Lyu, Huan Huang және Liang Hu «Leisure education and social capital: The case of university programmes for older adults in China» атты зерттеуінде Қытайдағы егде жастағы адамдарға арналған университеттік бағдарламалардың әлеуметтік капиталды дамытудағы әсерін зерттейді (Jiaying). Олар бос уақытты ұйымдастырудың білім беру бағдарламалары егде жастағы адамдардың әлеуметтік байланыстарын нығайтуға және олардың қоғамдағы белсенділігін арттыруға ықпал ететінін анықтады.

Бұл зерттеулер мәдени-демалыс бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кезінде аудиторияның жас ерекшеліктерін, олардың бос уақытты өткізуге деген көзқарастарын және әлеуметтік байланыстарын ескеру қажеттігін көрсетеді. Режиссерлер бұл факторларды назарға ала отырып, бағдарламалардың тиімділігін арттырып, қатысушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін іс-шараларды ұйымдастыра алады. Мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастыруда режиссердің рөлі мен міндеттерін түсіну үшін келесі ғалымдардың еңбектеріне назар аударуға болады:

Татьяна Қиселева және Юрий Красильников өздерінің «Әлеуметтік-мәдени қызмет» атты оқу құралында әлеуметтік-мәдени қызметтің теориялық және практикалық аспектілерін қарастырады. Олар мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастырудың әдістері мен формаларын талдап, режиссердің шығармашылық және ұйымдастырушылық қызметінің маңыздылығын атап өтеді (Қиселева, Красильников).

Альфия Ембергенова және Сания Кабдиева «Заманауи Қазақстандық театралдық режиссурадағы креативтік тәсілдер мен пластикалық шешімдер» атты мақаласында қазіргі қазақстандық театр режиссурасындағы шығармашылық әдістер мен пластикалық шешімдерді зерттейді (Ембергенова, Кабдиева). Олар режиссердің мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдерін талқылайды.

Бұл еңбектер мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастырудағы режиссердің рөлін тереңірек түсінуге және осы саладағы заманауи әдістер мен тәсілдерді меңгеруге көмектеседі.

Пікірталас немесе талқылау

Қазіргі таңда бос уақытты ұйымдастыру жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі бағалауында маңызды рөл атқарады. Ол адамның қабілеттерін жетілдіруге, рухани және мәдени даму деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Бос уақыттың әлеуметтік-мәдени рөлі туралы зерттеулерде оны тек демалыс ретінде емес, тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту мен қоғамдық құндылықтарды игеру құралы ретінде қарастырады.

Ирина Купцова өз еңбектерінде шығармашылық индустриялардың қоғамдағы социомәдени кеңістікті қалыптастырудағы маңызын атап көрсетеді (Купцова). Ол бос уақыттың тек жеке демалыс емес, сонымен бірге тұлғаның шығармашылық белсенділігі мен өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін жүйелі құбылыс екенін айтады. Оның пікірінше, бос уақыт құрылымында мәдени-шығармашылық индустриялар маңызды орын алады, өйткені олар қоғамдық дамуға ықпал етіп, әлеуметтік-мәдени процестерді жандандырады. Бұл тұжырым бос уақыттың тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделуі мен мәдени құндылықтарды меңгеруіне ықпал ететінін көрсетеді.

Татьяна Жукова бос уақытты әлеуметтік институттар арқылы қарастырып, оның жасөспірімдерді әлеуметтендірудегі рөлін талдайды (Жукова). Ол бос уақыт қызметін тек уақыт өткізу формасы емес, қоғамда қалыптасқан мәдени нормалар мен құндылықтарды меңгеру механизмі ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, бос уақыт құрылымы тұлғаның өзін-өзі дамытуына, әлеуметтік ортамен қарым-қатынас жасауына, жаңа білім мен дағдылар игеруіне ықпал етеді. Бұл көзқарас бос уақыттың тұлғаның мәдени және әлеуметтік капиталын қалыптастырудағы маңызын көрсетеді.

Әубәкір Рахимов өз зерттеулерінде режиссерлік шеберлік пен мәдени іс-шараларды ұйымдастырудың әдіснамалық аспектілерін қарастырады (Рахимов). Ол бос уақытты тиімді ұйымдастыру үшін режиссерлік қабілеттердің маңыздылығын атап өтіп, сценарийлік дағдыларды дамыту қажеттілігін көрсетеді. Оның пікірінше, бос уақыт бағдарламаларын ұйымдастыруда режиссер — азаматтық ұстанымы бар, шығармашылық көзқарасы кең тұлға болуы тиіс. Бұл ой бос уақыттың ұйымдастырушылық аспектілеріне бағытталып, мәдени іс-шараларды тиімді жүзеге асыру жолдарын айқындайды. Зерттеу негізінде біз ойын сауық орталықтарының мәдени демалыс бағдарламалары режиссерінің қызметін ұйымдастыру формаларын жүйелеп, құрастырдық (1-кесте). Бұл формалар режиссерлік жұмыстың құрылымын анықтап, оның ұйымдастырушылық және шығармашылық аспектілерін айқындайды.

Атап айтқанда, тақырыптық шоу-бағдарламалар, фестивальдар мен конкурстар, мастер-класстар мен воркшоптар, интерактивті ойындар мен квесттер, музыкалық және би кештері, сондай-ақ танымдық-мәдени іс-шаралар сияқты формалар қарастырылды. Әрбір форма көрерменнің жас ерекшелігі мен

қызығушылығына сай бейімделіп, ойын-сауық орталықтарының мәдени қызметін кеңейтуге бағытталған.

Бұл жүйеленген құрылым режиссердің шығармашылық мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға, әртүрлі аудиторияға лайықты бағдарламалар әзірлеуге және мәдени-демалыс индустриясын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, ұйымдастыру формаларының алуан түрлілігі көрермендерді тартудың жаңа тәсілдерін енгізуге мүмкіндік береді. Осылайша, мәдени бағдарламалардың сапасы артып, ойын-сауық орталықтарының бәсекеге қабілеттілігі күшейеді.



Сурет 1. Ойын сауық орталықтарының мәдени демалыс бағдарламалары режиссерінің қызметін ұйымдастыру формалары

Бос уақыттың әлеуметтік-мәдени функцияларын үш негізгі бағытта қарастыруға болады:

Рекреациялық функция денсаулық пен психологиялық тұрақтылықты сақтау үшін физикалық және эмоциялық демалысты қамтиды.

Көңіл көтеру функциясы — жағымды эмоциялар қалыптастыру, психологиялық жүктемені азайту, адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Рухани-мәдени даму функциясы — мәдениет пен өнерді игеру, тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі, шығармашылық әлеуетін дамыту.

Бос уақытты ұйымдастыруда сценарийлік шығармашылық пен ойын әдістерінің орны ерекше. Ойын түрлері тұлғаның танымдық, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл тұрғыда мынандай ойын бағдарламаларын атап өтуге болады:

- Танымдық ойындар
- Рөлдік ойындар
- Отбасылық ойындар
- Конкурс ойындары
- Саяхат ойындары
- Ойын-экскурсиялар
- Сценарийлік ойындар

Сонымен қатар, мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруда тиімді әдістер қолданылады. Бұқаралық іс-шаралар белгілі бір тақырыпқа негізделген бағдарламаларды қамтып, адамдардың қоғамдық белсенділігін арттырады. Мұндай іс-шаралар қоғамдық-саяси, мәдени-бұқаралық, спорттық ойын-сауық және діни рәсімдерге бөлінеді. Олардың ұйымдастырылуы аудиторияның жас ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына және әлеуметтік қажеттіліктеріне қарай жоспарланады.

Ойын-сауық орталықтарындағы мәдени демалыс бағдарламалары режиссерінің қызметі бірнеше бағытта жүзеге асырылады:

Бағдарламалық ұйымдастыру — мерекелік және анимациялық бағдарламаларды әзірлеу, шығармашылық идеяларды дамыту.

Техникалық ұйымдастыру — сахналық безендіру, дыбыс пен жарық жүйесін үйлестіру, онлайн-трансляциялар ұйымдастыру.

Аудиториямен жұмыс — көрермендермен интерактивті қарым-қатынас орнату, шығармашылық атмосфера қалыптастыру.

Медиа және жарнама қызметі — әлеуметтік желілер арқылы аудиториямен байланыс орнату, имидж қалыптастыру.

Қорытындылай келе, бос уақыттың құрылымдық ұйымдастырылуы оның тұлғалық және әлеуметтік дамуға

ықпалын күшейтеді. Бос уақыттың мәдени және шығармашылық индустриялармен байланысы қоғамның рухани дамуына, тұлғаның әлеуметтенуіне және шығармашылық әлеуетін іске асыруына мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Мәдени-бұқаралық іс-шараларды мәдени-демалыс және ақпараттық-ағартушылық іс-шараларға бөлуге болады. Бұл іс-шаралар қоғамның мәдени дамуына ықпал етіп, халықтың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған.

Мәдени-демалыс іс-шаралары жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытып, рухани-эстетикалық сұранысын қанағаттандыруға негізделеді. Бұл бағыттағы іс-шараларды құрылымдау барысында Нина Опарина өзінің «Сценарные основы досуговых программ» еңбегінде мәдени-демалыс қызметінің сценарийлік негіздерін жүйелеу қажеттілігін атап өтеді (Опарина).

Мереке — белгілі бір маңызды оқиғаға немесе дәстүрге негізделген іс-шара. Мерекелер әртүрлі сипатта болуы мүмкін:

Күнгізбелік (Жаңа жыл, Қарттар күні);

Мемлекеттік (Жеңіс Күні, Конституция күні);

Фольклорлық;

Отбасылық (туған күн, мерейтой, үйлену тойы);

Кәсіби (мұғалімдер күні, құрылысшылар күні).

Кештер

Кештер — тақырыптық, әдеби, поэзия, музыкалық бағыттағы кездесулер. Ирина Шубина «Драматургия и режиссура зрелищных форм» атты еңбегінде бұқаралық көріністердің драматургиялық және режиссерлік негіздерін қарастырып, кештердің қойылымдық элементтерін ерекше атап өтеді (Шубина).

Концерттер

Белгілі бір бағдарлама аясында жүзеге асатын музыкалық, балет, эстрадалық қойылымдар. Олар тақырыптық, театрландырылған, есепті немесе жеке болуы мүмкін.

Фестивальдар

Фестиваль — жеңімпаз

анықталмайтын, қатысушылардың өнерін көрсетуге бағытталған мерекелік шара.

Оның түрлері:

өнер фестивалі;

кино фестивалі;

халық шығармашылығы фестивалі;

ұлттар фестивалі;

достық фестивалі.

Байқаулар мен жарыстар

Байқау — көрме-жарыс форматындағы мәдени іс-шара. Ол шығармашылық ұжымдар арасында ұйымдастырылып, жеңімпаздарды анықтау мақсатында өткізіледі.

Балдар

Бал — классикалық билермен ерекшеленетін салтанатты шара. Маскарадтық бал карнавалдық элементтерімен толықтырылады.

Карнавалдар, шерулер, манифестациялар

Шеру — қоғамдық ұйымдар мен ұжымдардың салтанатты түрде шеру жасап өтуі. Митинг — маңызды оқиғаларға арналған жиын.

Жәрмеңкелер

Жәрмеңке — дәстүрлі түрде белгілі бір жерде ұйымдастырылатын, театрландырылған концерттік бағдарламалармен сүйемелденетін іс-шара. Оның түрлері:

дәстүрлі жәрмеңке;

қолөнер жәрмеңкесі;

бос жұмыс орындары жәрмеңкесі.

Ойын бағдарламалары

Ойын бағдарламалары бос уақытты ұйымдастырудың негізгі әдісі ретінде ойын элементтерін қамтиды. Олар:

конкурстық-ойын;

театрландырылған-ойын;

сюжеттік-ойын (теледидар ойындарының форматында).

Клубтық құрылымдар

Клубтық құрылымдар мәдени-демалыс мекемелерінде қатысушылардың қызығушылықтарына қарай құрылады. Олар ерікті негізде жұмыс істейді және қатысушылардың өзара шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталады.

Үйірмелер — шығармашылық қабілетті дамытуға арналған тұрақты негізде өткізілетін іс-шаралар. Үйірмелерде кәсіби мамандар жетекшілік етеді және сабақтар жүйелі түрде өткізіледі (аптасына 3-4 рет).


Мәдени-демалыс іс-шараларын ұйымдастыру халықтың бос уақытын тиімді өткізуіне, эстетикалық талғамын қалыптастыруына және шығармашылық дамуына ықпал етеді. Бұл іс-шаралардың ұйымдастыру принциптері мен сценарийлік құрылымы Нина Опарина мен Ирина Шубина еңбектерінде жан-жақты талқыланған. Олардың зерттеулері мәдени-бұқаралық шараларды кешенді түрде ұйымдастырудың негіздерін айқындап, сценарийлік, режиссерлік және драматургиялық ерекшеліктерін жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, мәдени-демалыс іс-шаралары қоғамның рухани дамуына елеулі үлес қосады. Ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, біз ойын-сауық орталықтарындағы мәдени-демалыс бағдарламаларының негізгі функцияларын анықтай алдық.

Қазіргі таңда ойын-сауық орталықтары тек көңіл көтеру орны ғана емес, сонымен қатар мәдени-шығармашылық орталықтарға айналууда. Мұндай орталықтардың бағдарламаларын ұйымдастыруда режиссердің рөлі маңызды. Ғалым А.Кусанованың еңбегінде көрсетілген режиссурадағы заманауи бағыттар мен тенденциялар ойын-сауық орталықтарындағы мәдени демалысты тиімді ұйымдастыруға негіз бола алады (Кусанова).

Зерттеу негізінде біз мәдени-демалыс бағдарламаларының негізгі функцияларының маңыздылығын анықтадық (Сурет 2). Мәдени-демалыс бағдарламалары адамның бос уақытын тиімді өткізуіне, әлеуметтік бейімделуіне және шығармашылық дамуына ықпал етеді. Олар рекреация, бейімделу, коммуникация, түзету және шығармашылық даму сияқты негізгі функцияларды атқарады. Бұл бағдарламалар демалысты ұйымдастырып қана қоймай, адамдардың қарым-қатынасын нығайтып, мәдени құндылықтарды дәріптеуге, психологиялық жайлылықты арттыруға және шығармашылық әлеуетті дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, мәдени-демалыс іс-шаралары тұлғаның жан-жақты дамуы мен қоғамдағы әлеуметтік байланыстарды күшейтуде маңызды рөл атқарады.

Кесте 1. Ойын-сауық орталықтарындағы мәдени-демалыс бағдарламаларының негізгі функциялары

Функция	Сипаттамасы
Рекреация	Келушілердің психологиялық және физикалық демалуын қамтамасыз ету
Бейімделу	Әлеуметтік ортаға бейімделуге көмектесу, тұлғаның әлеуметтенуін дамыту
Коммуникация	Адамдар арасындағы әлеуметтік байланыстарды нығайту
Түзету	Эмоционалдық және психологиялық тұрақтылықты қолдау, шығармашылық арқылы өзін-өзі көрсету
Шығармашылық даму	Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашу және дамыту



Сурет 2. Мәдени-демалыс бағдарламаларының негізгі функцияларының маңыздылығы

Зерттеу барысында сонымен қатар, біз ойын-сауық орталықтарында мәдени демалысты ұйымдастырудағы негізгі қағидаттарды анықтай алдық. Бос уақытты тиімді пайдалану және көрермендер мен қатысушылардың рухани, танымдық және шығармашылық дамуына жағдай жасауға бағытталған. Бұл қағидаттар бос уақытты басқару әдістерімен үндесіп, мәдени іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыруға көмектеседі.

Мақсаттылық қағидаты. Мәдени демалыс бағдарламаларын ұйымдастыру барысында ең алдымен, олардың нақты мақсаты айқындалуы тиіс. Демалыс іс-шараларының құрылымы мен мазмұны көрермендердің жас ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына және қажеттіліктеріне сай болуы қажет. Әрбір мәдени бағдарлама қатысушыларға белгілі бір құндылықтарды сіңіріп, танымдық және эстетикалық тәжірибе беруді көздеуі керек.

Қызығушылық қағидаты. Көрермендер мен қатысушылардың бос уақытын қызықты әрі пайдалы өткізу үшін олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне баса назар аударылады. Режиссердің міндеті — қатысушылардың мәдени дамуын ынталандыратын және олардың шығармашылық әлеуетін ашатын тартымды бағдарламалар жасау.

Ұжымдық әрекет қағидаты. Мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастыру топтық және дербес іс-әрекеттерді қамтиды. Бағдарламалар бірлескен жұмысқа негізделіп, көрермендер мен әртістердің өзара әрекеттестігін дамытуға бағытталуы керек. Ұжымдық ойындар, сахналық қойылымдар мен интерактивті шаралар көрермендердің белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Толықтырушылық қағидаты. Кез келген мәдени іс-шараның мазмұны бірін-бірі толықтыратын элементтерден құралуы керек. Бұл қағидат бағдарламалардың алуан түрлілігін қамтамасыз етіп, көрермендердің эстетикалық және танымдық тәжірибесін кеңейтеді.

Табиғи-танымдық қағидаты. Ойын-сауық бағдарламалары адамның мәдени және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталуы тиіс. Бұл қағидат табиғи қызығушылықты ынталандырып, тарихи, көркем және заманауи мәдениетпен танысуға мүмкіндік береді.

Мәдени сәйкестік қағидаты. Мәдени-демалыс іс-шаралары ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделуі қажет. Олар белгілі бір қоғамның дәстүрлері мен мәдени нормаларын ескере отырып

ұйымдастырылып, әртүрлі аудиторияға қолайлы болуы тиіс.

Тұлғалық даму қағидаты.

Ойын-сауық орталықтарының бағдарламалары қатысушылардың шығармашылық әлеуетін дамытып, олардың өзін-өзі танытуына және сенімін қалыптастыруына ықпал етуі керек. Бұл қағидат әрбір адамның жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып, мәдени іс-шаралардың мазмұнын құруды көздейді.

Ойын-сауық орталықтарында мәдени демалыс бағдарламаларының режиссері қызметін нәтижелі ұйымдастыру үшін төмендегідей міндеттерді орындау қажет:

1. Көрермендердің қызығушылықтары мен қажеттіліктерін зерттеу;

2. Мәдени бағдарламалардың құрылымын анықтап, оларды мақсатты аудиторияға бейімдеу;

3. Ойын-сауық орталығында қажетті материалдық-техникалық базаны қамтамасыз ету;

4. Әрбір мәдени іс-шараны жоспарлау барысында оның тәрбиелік және танымдық аспектілерін ескеру;

5. Ойын-сауық орталықтарында оқыту элементтерін қамтитын интерактивті бағдарламалар ұйымдастыру;

6. Жеке, топтық және ұжымдық форматтағы іс-шараларды тиімді үйлестіру;

7. Мәдени ұйымдар, шығармашылық студиялар және басқа да серіктес мекемелермен өзара іс-қимылды жолға қою;

8. Қатысушылардың ата-аналары мен қоғам өкілдерін мәдени іс-шараларға тарту;

9. Қала мен аймақтың мәдени орталықтарымен тығыз байланыс орнатып, бірлескен жобалар жүргізу.

Осы қағидаттар мен ұйымдастыру шараларын ескере отырып, ойын-сауық орталықтарындағы мәдени демалыс бағдарламалары көрермендердің сапалы әрі мазмұнды бос уақыт өткізуді қамтамасыз етіп, олардың

шығармашылық және тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Режиссер мәдени-демалыс бағдарламаларының негізгі ұйымдастырушысы ретінде көрермендерге эстетикалық әсер сыйлап, олардың мәдени деңгейін арттыруға көмек береді. Сонымен қатар, режиссерлік қызмет шығармашылық шешімдерді талап етеді және түрлі технологияларды қолдану арқылы инновациялық әдістерді енгізуді көздейді.

Негізгі тұжырымдар

Ойын-сауық орталықтарындағы мәдени-демалыс бағдарламалары қазіргі қоғамның әлеуметтік және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады. Бұл зерттеу мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін жүйелі түрде талдап, олардың құрылымдық ерекшеліктерін, тиімді ұйымдастыру тәсілдерін және режиссерлік қызметтің кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдарын анықтады.

Зерттеу нәтижелері мәдени-демалыс бағдарламаларының негізгі функциялары — рекреация, бейімделу, коммуникация, түзету және шығармашылық дамудан тұратынын көрсетті. Осы бағдарламаларды тиімді ұйымдастыру үшін көрермендердің жас ерекшеліктерін ескеру, инновациялық әдістерді енгізу, заманауи технологияларды пайдалану және мәдени-ағартушылық құндылықтарды дамыту маңызды. Сонымен қатар, режиссердің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылық көзқарасы мәдени-демалыс бағдарламаларының сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі екені анықталды.

Зерттеу барысында ойын-сауық орталықтарындағы мәдени іс-шараларды жоспарлау мен өткізудің құрылымдық ерекшеліктері қарастырылып, олардың

сапасын жақсартуға арналған әдістемелік ұсыныстар жасалды. Мәдени-демалыс бағдарламаларының тиімділігін арттыру үшін аудиторияның қажеттіліктерін зерделеу, интерактивті технологияларды пайдалану, жаңашыл тәсілдерді енгізу және кәсіби режиссерлердің біліктілігін арттыру ұсынылады. Сонымен қатар, ойын-сауық орталықтарында мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастыру қағидалары негізделді (кесте 2)

бағдарламаларын ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерделеп, олардың құрылымдық ерекшеліктері мен тиімді ұйымдастыру жолдарын ұсынды. Зерттеу барысында режиссердің кәсіби құзыреттілігі мәдени-демалыс бағдарламаларының сапасына тікелей ықпал ететіні анықталды. Әсіресе, аудиторияның жас ерекшеліктерін ескеру, инновациялық әдістерді қолдану, заманауи

Кесте 2. Ойын-сауық орталықтарында мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастыру қағидалары

Қағида	Мазмұны
Аудиторияны зерттеу	Бағдарламаның мақсатты аудиторияға бейімделуі
Инновациялық әдістерді қолдану	Жаңа технологиялар мен интерактивті құралдарды пайдалану
Көрерменнің жас ерекшеліктерін ескеру	Әртүрлі жас топтарына арналған бағдарламаларды әзірлеу
Кері байланыс жүйесін енгізу	Көрермен пікірлерін ескере отырып, бағдарламаларды жетілдіру

Бұл зерттеу мәдени-демалыс бағдарламалары режиссурасының теориялық және практикалық негіздерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Алынған қорытындылар мәдени-демалыс саласында жұмыс істейтін мамандар үшін әдістемелік нұсқаулық ретінде қолдануға жарамды және осы бағыттағы болашақ зерттеулерге негіз бола алады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері ойын-сауық орталықтарындағы мәдени-демалыс бағдарламалары режиссурасының қоғамдағы маңызын айқындауға мүмкіндік берді. Бос уақытты тиімді ұйымдастыру, мәдени құндылықтарды дәріптеу және жаңа технологияларды қолдану мәдени-демалыс бағдарламаларының негізгі міндеттері болып табылады. Бұл зерттеу ойын-сауық орталықтарында мәдени-демалыс

технологияларды пайдалану және мәдени-ағартушылық құндылықтарды дамыту маңызды факторлар болып табылады. Сонымен қатар, мәдени іс-шараларды ұйымдастыруда режиссердің шығармашылық және басқарушылық рөлі айқындалып, оның көпқырлы қызметінің ерекшеліктері көрсетілді. Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері оның басында қойылған мақсаттармен сәйкестігін дәлелдейді. Теориялық талдау мен практикалық зерттеулердің негізінде ойын-сауық орталықтарында мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастырудың тиімді тәсілдері ұсынылып, бұл бағыттағы қызметті жетілдіруге қатысты әдістемелік ұсыныстар жасалды.

Зерттеу барысында алынған қорытындылар негізінде келесі ұсыныстар берілді:

— Ойын-сауық орталықтарында мәдени-демалыс бағдарламаларын

ұйымдастыруда инновациялық әдістерді кеңінен енгізу;

— Режиссерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру міндетінде арнайы тренингтер мен біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру;

— Аудиторияның жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін мәдени-демалыс бағдарламаларын әзірлеу;

— Заманауи технологияларды қолдану арқылы интерактивті мәдени іс-шараларды дамыту.

Болашақта зерттеу нәтижелерін кеңейтіп, мәдени-демалыс

бағдарламаларының әсерін тереңірек талдау қажеттілігі туындайды. Сонымен қатар, ойын-сауық орталықтарындағы мәдени-демалыс іс-шараларының аудиторияға ықпалын зерттеу және олардың сапасын арттыру бағытында қосымша жұмыстар жүргізуге болады.

Жалпы, бұл зерттеу мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастырудың теориялық және практикалық аспектілерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, аталған саладағы мамандар үшін пайдалы әдістемелік құрал бола алады.

Авторлардың үлесі:

А.Е.Кусанова – ғылыми дереккөздерді сараптау, әдеби шолу әзірлеу, зерттеу әдістерін негіздеу, мәдени-демалыс бағдарламаларының режиссерлік қызметіне қатысты талдау жұмыстарын жүргізу, ойын-сауық орталықтарындағы тәжірибелік мәліметтерді жүйелеу.

А.К.Коспагарова – зерттеудің негізгі тұжырымдамасын қалыптастыру, мақала мазмұнын құрылымдау, ойын-сауық орталықтарында мәдени-демалыс бағдарламаларын ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік аспектілерін талдау, қажетті материалдарды жинақтау және өңдеу.

Вклад авторов:

А.Е.Кусанова – анализ научных источников, подготовка литературного обзора, обоснование методов исследования, проведение анализа режиссерской деятельности в культурно-досуговых программах, систематизация эмпирических данных по организации мероприятий в развлекательных центрах.

А.К.Коспагарова – формирование основной концепции исследования, структурирование содержания статьи, анализ теоретических и методических аспектов организации культурно-досуговых программ в развлекательных центрах, сбор и обработка необходимых материалов.

Authors contribution:

A.Kussanova – analysis of scientific sources, preparation of a literature review, justification of research methods, examination of the director's role in cultural and leisure programs, systematization of empirical data on the organization of events in entertainment centers.

A.Kospagarova – development of the main research concept, structuring the content of the article, analysis of the theoretical and methodological aspects of organizing cultural and leisure programs in entertainment centers, collection, and processing of necessary materials.

Дереккөздер тізімі

Трегубов, Борис. *Свободное время как фактор формирования личности студента*. Ленинград: Ленинградский университет, 1983.

Adrian, Lubowiecki-Vikuk. "Generational Cohorts Analysis in Leisure." *Reference Module in Social Sciences*, 2024. <https://doi.org/10.1016/B978-0-443-13701-3.00040-2>

Basile Michel. "Arts and culture in the city: Peripheral centrality, cultural vitality, and urban change in inner suburbs." *Cities*, Volume 150, July 2024, 104983. <https://doi.org/10.1016/j.cities.2024.104983>

Jiaying, Lyu, et al. "Leisure education and social capital: The case of university programmes for older adults in China." *Journal of Hospitality, Leisure, Sport & Tourism Education*, Volume 25, November 2019. <https://doi.org/10.1016/j.jhlste.2019.100207>

Жукова, Татьяна. *Досуговые социальные институты в социализации подростков*. Проблемы педагогического образования: сб. научн. ст., вып. 24, МПГУ, 2016.

Ембергенова, Альфия, және Кабдиева Сания. «Креативные подходы и пластические решения в современной театральной режиссуре Казахстана». *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 8, № 3, 2023 г., с. 85–99, <https://doi.org/10.47940/cajas.v10i3.710>

Касен, Гульмира, и Ким Марина. *Педагогическая анимация: учебно-методическое пособие*. Алматы, Қазақ университеті, 2015.

Киселева, Татьяна, и Красильников Юрий. *Социально-культурная деятельность: учебник*. МГУКИ, 2014.

Купцова, Ирина. *Творческие индустрии как фактор развития социокультурного пространства: кол. Монография*. Новосибирск, 2016. с.

Кусанова, Анипа. «Тенденции развития режиссерского искусства в современном Казахстане». *Наука и жизнь*. №6(4), 2020, с. 376–378.

Опарина, Нина. *Сценарные основы досуговых программ. Учебник*. – Санкт-Петербург, Лань. 2024.

Рахимов, Әубәкір. *Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін*. – Алматы. Тарих тағылымы, 2010.

Төлешова Ұлмекен. «Жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру технологиялары». *Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, педагогикалық ғылымдар сериясы*, №4 (77), 2023, 76–86 б.

Шубина, Ирина. *Драматургия и режиссура зрелищных форм. Соучастие в зрелище, или Игра в миф. Учебно-методическое пособие*. Санкт-Петербург: Лань, 2024.

References

- Tregubov, Boris Arkadyevich. *Svobodnoe vremya kak faktor formirovaniya lichnosti studenta* [Leisure Time as a Factor in the Formation of a Student's Personality.] Leningrad, 1983. (In Russian)
- Lubowiecki-Vikuk Adrian. "Generational Cohorts Analysis in Leisure." *Reference Module in Social Sciences*, 2024, <https://doi.org/10.1016/B978-0-443-13701-3.00040-2>.
- Michel, Basile. "Arts and Culture in the City: Peripheral Centrality, Cultural Vitality, and Urban Change in Inner Suburbs." *Cities*, vol. 150, July 2024, <https://doi.org/10.1016/j.cities.2024.104983>.
- Lyu, Jiaying, et al. "Leisure Education and Social Capital: The Case of University Programmes for Older Adults in China." *Journal of Hospitality, Leisure, Sport & Tourism Education*, vol. 25, Nov. 2019, <https://doi.org/10.1016/j.jhlste.2019.100207>.
- Zhukova, Tatyana. *Dosugovye sotsial'nye instituty v sotsializatsii podrostkov* (Leisure Social Institutions in the Socialization of Adolescents). *Problems of Pedagogical Education: Collection of Scientific Articles*, vol. 24, MPGU, 2016, p. 195. (In Russian)
- Embergenova, Alfiya, and Saniya Kabdieva. "Kreativnyye podkhody i plasticheskiye resheniya v sovremennoy teatralnoy rezhissure KazakhstanA" [Creative Approaches and Plastic Solutions in Modern Kazakhstani Theatrical Directing.] *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 8, no. 3, 2023, pp. 85–99, <https://doi.org/10.47940/cajas.v10i3.710>. (In Russian)
- Kasen, Gulmira, and Marina Kim. *Pedagogicheskaya animatsiya: uchebno-metodicheskoe posobie* [Pedagogical Animation: Educational and Methodological Guide]. Qazaq Universiteti, 2015. (In Russian)
- Kiseleva, Tatyana, and Krasilnikov Yuriy. *Sotsial'no-kul'turnaya deyatel'nost'* [Socio-Cultural Activity]. MGUKI, 2014. (In Russian)
- Kuptsova, Irina. *Tvorcheskie industrii kak faktor razvitiya sotsiokul'turnogo prostranstva* [Creative Industries as a Factor in the Development of Socio-Cultural Space]. Novosibirsk, 2016. (In Russian)
- Kusanova, Anipa. "Tendentsii razvitiya rezhisserskogo iskusstva v sovremennoy Kazakhstane" [Trends in the Development of Directing Art in Modern Kazakhstan]. *Mezhdunarodnyy nauchnyy zhurnal 'Nauka i zhizn'*, no. 6(4), 2020, pp. 376–378. (In Russian)
- Oparina, Nina. *Stsenarnye osnovy dosugovykh programm* [Scenario Foundations of Leisure Programs]. Lan', 2024. (In Russian)
- Rakhimov, Aubakir. *Rezhissyor sheberligi. P'yesadan qoylymğa deyingi* [Directing Mastery: From Play to Production]. Tarikh Tagylymy, 2010. (In Kazakh)

Töleshova, Ülmeken. “Zhasöspirimderdiñ bos uaqytyn tiimdi uyymdastyru texnologiyalary” [“Technologies for the Effective Organization of Teenagers’ Leisure Time”.] *Bulletin of Al-Farabi KazNU, Series of Pedagogical Sciences*, no. 4(77), 2023, pp. 76–86. (In Kazakh)

Shubina, Irina. *Dramaturgiya i rezhissura zrelishchnykh form. Souchastie v zrelishche, ili Igra v mif* [Dramaturgy and Directing of Spectacular Forms: Participation in the Spectacle, or Playing with Myth]. Lan’, 2024. (In Russian)

Қусанова Анипа, Коспагарова Асем

Казахский национальный женский педагогический университет
(Алматы, Казахстан)

СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РЕЖИССЕРА В РАЗВЛЕКАТЕЛЬНЫХ ЦЕНТРАХ

Аннотация. В современном обществе возрастает значение организации культурно-досуговых программ в развлекательных центрах. Эффективная организация свободного времени, популяризация культурных ценностей и использование новых технологий являются одними из главных задач режиссуры культурно-досуговых программ. Цель исследования – изучение теоретических и методических аспектов организации культурно-досуговых программ в развлекательных центрах, анализ их структурных особенностей и разработка эффективных способов организации. Кроме того, исследование охватывает вопросы повышения профессиональной компетентности режиссеров и оценки эффективности применения современных подходов. В рамках исследования проведен обзор научной литературы, посвященной организации культурно-досуговых программ, а также изучен опыт проведения подобных мероприятий в развлекательных центрах города Алматы. Рассмотрены структурные особенности, методы и инструменты планирования и проведения культурных мероприятий. Также проанализирована деятельность режиссера – организатора культурно-досуговых программ, его творческая и управленческая роль. Результаты исследования показали, что основные функции культурно-досуговых программ в развлекательных центрах включают рекреацию, адаптацию, коммуникацию, коррекцию и творческое развитие. Ключевые принципы организации программ – учет возрастных особенностей аудитории, применение инновационных методов, использование современных технологий и развитие культурно-просветительских ценностей. Также в ходе исследования установлено, что профессиональная компетентность режиссера и его творческий подход являются основными факторами, влияющими на качество культурно-досуговых программ. Эффективная организация культурно-досуговых программ требует режиссерского мастерства и управленческих навыков. Развитие сферы культурного обслуживания в развлекательных центрах играет важную роль в удовлетворении духовных потребностей общества. Результаты исследования позволяют глубже понять теоретические и практические основы режиссуры культурно-досуговых программ. Кроме того, данное исследование предлагает практические рекомендации, которые могут быть использованы в качестве методических указаний для специалистов, работающих в сфере культурного досуга.

Ключевые слова: культурно-досуговая деятельность, культурно-досуговые программы, развлекательный центр, режиссер, мероприятие, досуг, организация культурного отдыха.

Для цитирования: Қусанова Анипа, Коспагарова Асем. «Современные методы деятельности режиссера в развлекательных центрах». *Central Asian Journal of Art Studies*, т 10, №1, с. 277–296 DOI: 10.47940/cajas.v10i1.978.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Kussanova Anipa, Kospagarova Assem

Kazakh National Women's Teacher Training University (Almaty, Kazakhstan).

MODERN METHODS OF DIRECTOR'S ACTIVITY IN ENTERTAINMENT CENTERS

Annotation. In modern society, the significance of organizing cultural and leisure programs in entertainment centers is increasing. The effective organization of free time, the promotion of cultural values, and the use of new technologies are among the main objectives of cultural and leisure program directing. The purpose of this study is to examine the theoretical and methodological aspects of organizing cultural and leisure programs in entertainment centers, analyze their structural features, and develop effective organizational strategies. Additionally, the research addresses issues related to enhancing the professional competence of program directors and evaluating the effectiveness of modern approaches. As part of the study, a review of scholarly literature on the organization of cultural and leisure programs was conducted, along with an analysis of the experience of implementing such events in entertainment centers in Almaty. The structural features, methods, and tools for planning and conducting cultural events were examined. The activities of the director-organizer of cultural and leisure programs, including their creative and managerial roles, were also analyzed. The research findings indicate that the main functions of cultural and leisure programs in entertainment centers include recreation, adaptation, communication, correction, and creative development. The key principles of program organization involve consideration of the audience's age characteristics, the application of innovative methods, the use of modern technologies, and the fostering of cultural and educational values. Furthermore, the study establishes that the professional competence of the director and their creative approach are crucial factors influencing the quality of cultural and leisure programs.

The effective organization of cultural and leisure programs requires both directorial skills and managerial competencies. The development of cultural services in entertainment centers plays an important role in meeting the spiritual and cultural needs of society. The study's findings offer a deeper understanding of the theoretical and practical foundations of cultural and leisure program directing. Moreover, the research provides practical recommendations that may serve as methodological guidelines for specialists working in the field of cultural leisure.

Keywords: cultural and leisure activities, cultural and leisure programs, entertainment center, director, event, leisure, cultural recreation organization.

Cite: Kussanova Anipa, Kospagarova Assem. "Modern methods of director's activity in entertainment centers." *Central Asian Journal of Art Studies*, vol.10, №1, pp. 277–296. DOI: 10.47940/cajas.v10i1.978.

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Авторлар туралы мәлімет:**Сведения об авторах:****Information about the authors:**

Кусанова Анипа Ерланқызы — доктор PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан)

Кусанова Анипа Ерланқызы — доктор PhD, ассоциированный профессор Казахского национального женского педагогического университета (Алматы, Казахстан)

Kussanova Anipa — PhD, Associate Professor at Kazakh National Women's Teacher Training University (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0001-7353-5215
E-mail: a.kussanova@gmail.com

Коспагарова Асем Кабидолдақызы — гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға ақытушысы (Алматы, Қазақстан)

Коспагарова Асем Кабидолдақызы — магистр гуманитарных наук, старший преподаватель Казахского национального женского педагогического университета (Алматы, Казахстан)

Kospagarova Assem — Master of humanities Sciences, Senior Lecturer at Kazakh National Women's Teacher Training University (Almaty, Kazakhstan)

ORCID ID: 0009-0003-0707-6868
E-mail: asem.kospagarova@gmail.com